

1401000 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандығы бітіруші курс білім алушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша есебі.

«Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС 1401000 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандығы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы 23 студент мекеме басшысының бұйрығымен мемлекеттік қорытынды аттестаттау тапсыруға жіберілді. Жіберілген студенттердің үлгілік жұмыс оқу бағдарламасы бойынша оқылатын пәндері, оқу кестесі, оқу тәжірибелік, педагогикалық, диплом алды оқу өндірістік іс – тәжірибе құжаттары колледж ережесіне сәйкес толтырылып, тексеріліп, пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, кешенді емтихан нысанында өткізілді.

Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандығы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттауға төрағалық етуге 20 – 25 маусым аралығына шақырылып, барлық оқу құжаттары мен танысып шыққаннан кейін мемлекеттік стандартқа сәйкес Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан кешенді түрде «Нарықтық экономика негіздері, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы», «Материал тану, Арнайы технология» оффлайн түрінде өтті. Емтихан тапсыруға жалпы бұйрықта көрсетілген 23 студенттен 21 студент қатысты, 2 студент белгісіз себептермен қатыспады..

Нарықтық экономика негіздері, Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы пәндері бойынша кешенді емтиханды 21 студент сәтті тапсырып, орташа 3,7 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 91,3% пайызды құрайды.

Материал тану, Арнайы технология пәндерінен кешенді емтиханды 21 студент сәтті тапсырып, орташа 3,6 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 91,3% пайызды құрайды.

Қорыта айтқанда, «Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС жеке мекемесі Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандығы бойынша бітіруші курс студенттерінің біліктілік беру мақсатында ұйымдастырылған мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандардың нәтижесі бойынша күндізгі оқу нысанында 21 студентке 1401000 Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану мамандығы 1401242 Кең бейінді құрылыс шебері біліктілігі берілді.

*Мемлекеттік емтихан төрағасы
Ю.Рахатов*